



**№57 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
кепілмен қамтамасыз ету тізбесін кеңейту туралы**

2015 жылғы 2 қараша

Алматы қ.

Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген іске асырылатын ақша-кредит саясатының шеңберінде **2015 жылғы 16 қарашадан бастап** бағалы қағаздарды кері сата отырып сатып алу бойынша аукцион өткізу кезінде кепілмен қамтамасыз етуге қабылданатын активтер тізбесін мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қосу жолымен кеңейту туралы шешім қабылдады. Ломбардтық тізімді кеңейту мақсаты екінші деңгейдегі банктердің теңгелік өтімділікке қолжетімділігін ұлғайту болып табылады.

Кепілмен қамтамасыз етуге қабылданатын активтердің кеңейтілген тізбесінің бағалы қағаздары мынадай критерийлерге жауап береді:

- Бағалы қағаздар теңгемен деноминирленген;
- Бағалы қағаздар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та листинг рәсімінен өтті және Ұлттық Банкпен операциялар жасау сәтінде өтімді деп танылды.

Кепілмен қамтамасыз етудің кеңейтілген тізбесі төмендегідей:

<b>Бағалы қағаздың түрі</b>
Теңгемен деноминирленген ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары *
Теңгемен деноминирленген халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары **
Теңгемен деноминирленген, жетекші рейтингтік агенттіктердің бірінің (Standard&Poor's, Fitch немесе Moody's) шкаласы бойынша немесе одан жоғары ҚР тәуелсіз рейтингінің деңгейінде шығарылым рейтингі бар қазақстандық және шетелдік эмитенттердің облигациялары **
Теңгемен деноминирленген, Standard&Poor's және/немесе Fitch шкаласы бойынша «BB-»-дан төмен емес, және/немесе Moody's шкаласы бойынша «Ba3»-дан төмен емес шығарылым рейтингі бар қазақстандық және шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары **

\*Дисконттау мөлшерлемесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес белгіленеді

\*\*Теңгемен деноминирленген, валюталық тәуекелдері бар бағалы қағаздарды қоспағанда

Ұлттық Банк 2015 жылғы 5 – 13 қараша аралығында кеңейтілген ломбардтық тізімді пысықталған бағдарламалық қамтамасыз етуде тестілеу бойынша қажетті іс-шараларды жүргізеді.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)